

Жалпы пайдаланылатын орындарда автокөлікті қоюға талондар енгізу туралы

Күші жойған

Алматы қаласы әкімінің 2000 жылғы 22 мамырдағы N 483 шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2000 жылғы 14 тамызда N 173 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қалалық Әкімшілігінің 2004 жылғы 6 тамыздағы N 3/648 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қалалық Әкімшілігінің 06.08.2004 N 3/648 қаулысымен.

Жалпы пайдаланылатын орындарда автокөлікті қойғаны үшін жиналатын ақша қаражаттарының жайын реттеу мақсатында Алматы қаласының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жалпы пайдаланылатын орындарда автокөлікті қоюға талондар енгізілсін (N 1 қосымша).

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің бірінші орынбасары Я.И. Заяцқа жүктелсін.

Алматы қаласының Әкімі

В. Храпунов

Алматы қаласы әкімінің
2000 жылғы 22 мамырдағы
N 483 шешіміне N 1 қосымша

Қаладағы жалпы пайдаланылатын жерлерге көлік құралдарын уақытша қойғаны үшін көп рет пайдаланылатын талондардың құны

(теңге есебімен)

N		Көлік бірлігі үшін
1.	Жеңіл көлікке арналған, 14 рет қоюға мүмкіндік беретін қою талоны	600 теңге
2.	Нақ сондай жүк көлігі үшін	1700 теңге
3.	Қоятын орны нақты көрсетілетін, жеңіл көлікке арналған айлық қою талоны	600 теңге
4.	Нақ сондай жүк көлігі үшін	1200 теңге

Алқа хатшысы

К. Тәжиева